bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2018

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

# Жиембет жырау. "Еңсегей бойлы Ер Есім" толғауы.

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 21.11.2018 | https://bilimger.kz/45817/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** Көне күндерден жеткен жәдігерлер **Сабақ:** Жиембет жырау. «Еңсегей бойлы ер есім» толғауы | | Мектеп: Шақа ЖОББМ, Лебяжье ауданы |
| **Күні** | Мұғалімнің аты-жөні: Асаубаева Алтын Кувандыковна | |
| **СЫНЫП:** 7<br>**ПӘН:** қазақ әдебиеті<br>**ТОҚСАН:** 1 | Қатысқандар | Қатыспағандар |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | Т/ЖЗ. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау | |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Қолдану, жинақтау, бағалау | |
| **Бағалау критерийі** | «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауының мазмұнын айтады;<br>Кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдеріне қарай анықтайды; Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайды. | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушы орындайды:** | |
| | Толғау мазмұнын түсінеді, шығармадағы типтік бейнені анықтайды. | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындайды:** | |
| | Толғаудағы кейіпкерлерді іс-әрекеттері арқылы талдау жасай алады . | |
| | **Кейбір оқушылар орындайды**: | |
| | Кейіпкерлердің іс-әрекетіне талдау жасай отырып, өзіндік бағалау пікірін береді. | |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындайды:** | |
| | **Негізгі сөздер мен тіркестер:** Есім хан, Жиембет, Жолымбет, жыраулар поэзиясы, жыр, жыршы, толғау. | |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** | |
| | Типтік образ, аллитерация, ассонанс | |
| | **Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** | |
| | Постер құруда өлең жолындағы тіркестерді, теңеулерді қолданады. | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:** | |
| | 1. Жыршы дегеніміз кім?<br>2. Жырау  деп кімді айтамыз?<br>3.Жыр дегеніміз не?<br>4. Толғау дегеніміз қандай жанр? | |
| | — Жырау ханға өз пікірін жұрт алдында ашық айтуы дұрыс па? Осы жөнінде қандай пікіріңіз бар? | |
| | **ішінара:** | |
| | «Ауадағы шар» әдісі арқылы топқа жіктеледі, өткен сабаққа шолу жасалады, жаңа жұмыс жұбы құрылады. | |
| **Құндылықтарға баулу** | Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық | |
| **Пәнаралық байланыс** | География, Қазақстан тарихы , көркемөнер | |
| **Алдыңғы оқу:** | Жырау, жыршы, жыр, толғау туралы «Конверттегі сауал» әдісі арқылы жүргізіледі | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Сабақ басы<br><br>2 минут<br><br>2 минут<br><br>5 минут | Ұйымдастыру кезеңі: салемдесу, түгендеу.<br>**«Ауадағы шарлар» әдісі арқылы шардың жібінде жапсырылған суретіне қарап  оқушылар топқа бөлінеді:**1-топ: «Батырлар»;<br>2- топ: «Хандар»<br>**Ж**<br>**Алдыңғы өткен тақырыптар бойынша сурет артындағы сұрақтарға жауап беріңдер:**<br>1.Орхон-Енисей жазбалары қай ғасырда табылды? (17)<br>2. Көне түркілердің руна жазуын ең алғаш оқыған кім? (1893 жылы Вильгельм Томсен)<br>3. Орхон- Енисей жазбаларындағы қазақтың жыраулық дәстүріндегі Бұқар жыраудың бейнесін еске түсіретін кімнің бейнесі? (Тоныкөк)<br>4. «Көк түркінің семсері» атағын алған кім? (Күлтегін)<br>5. «Күлтегін» жырының басты идеясы? ( Күлтегін батырды Түркі қағандығының құдіретті тұлғасы ретінде көрсету)<br>6. Түпнұсқаны қазақша жырлаған ақын (Қадыр Мырза Әлі)<br>7. Қай жылы Күлтегін ескерткішінің дәл көшірмесі Қазақстанға әкелінді? (2000)<br>8. Жырда Күлтегін қанша жасында қайтыс болады? (47)<br><br>**Шардың түсіне қарай жұптасады.**<br>**ЖЖ**<br>**Тапсырма. Түсті конверттегі сауалға жұбыңызбен кеңесіп жауап беріңіз.**<br>1. Жыршы дегеніміз кім?<br>2. Жырау  деп кімді айтамыз?<br>3.Жыр және толғау  дегеніміз не?<br>(конверттегі жауабымен салыстырады, жауабының дұрыс-бұрыстығын біледі)<br><br>Толғау — көшпелі өмір кешкен халықтың өмірлік түйгендерін төгілте айтуға ең ыңғайлы жанрдың бірі.<br>Жыр — Бірнеше оқиға тізбектелген жыр жолдары, поэзиялық шығармалардың жалпы атауы<br>Жырау — өз жанынан шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі.<br>Жыршы — жыр айтушы, таратушы.  Домбыраның не қобыздың сүйемелдеуімен мақаммен, әнмен айтады. | (хандар мен батырлар) |

<table>
<tr>
<td>Сабақ ортасы<br><br><br><br>2 минут<br><br><br><br>3 минут<br><br>2 минут<br><br><br><br><br><br>2 минут<br><br><br><br><br><br>4 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>12 минут</td>
<td>Бүгінгі сабағымыз Жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Жиембет жырауға арналады.<br>Мақсатымыз қандай болмақ?<br>Жиембет жыраудың өмірімен танысу, шығармаларын білу.<br>«Еңсегей бойлы ер Есім» толғауындағы кейіпкерлердің типтік жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау.<br><u>Ж</u><br>«Білімланд» ресурсы арқылы Жиембет жыраудың өмірі мен шығармашылығымен таныстырамыз.<br>1-тапсырма.<br>Жиембет туралы ақпараттарды мұқият тыңдай отырып, негізгі мәліметтерді түртіп жазып алыңыздар.<br>«Жиембет кім?» деген сауалға кезектесе «Қуырылған жүгері» әдісі арқылы береді.<br><br>ЖЖ.<br>«Аудио тыңдату және талқылау» әдісі.<br>Үнтаспадан «Еңсегей бойлы Ер Есім» толғауын мұқият тыңдаңыздар ( оқулықтың 46-48 беттер).<br>Тапсырма.<br>Жиембет жыраудың толғауындағы сөз қолданысы мен мағынаны «Сәйкестендіру» әдісі арқылы ашыңыздар.<br><br>
<table>
<tr><th>Сұрақ</th><th>Жауап</th></tr>
<tr><td>1.Жиембет жырау кімді сынайды және қалай сынайды?</td><td>Жат жерге жер аударылған жыраудың азап шегіп күнелтуін, хал-ахуалын көрсетеді.</td></tr>
<tr><td>2.Нені сынайды?</td><td>Есім ханды<br>Ханға өктем сөйлейді.<br>Сұрақ қоя отырып сөйлейді.</td></tr>
<tr><td>3.“Ес білгеннен Есім хан,<br>Қолыңда болдым сүйесін,<br>Қолтығыңа болдым демесін? деген жолдарды қалай түсінесіңдер?</td><td>Ханның астамшылығын, пайдакүнемдігін.<br>”Тілеуберді” атты құлын ұрып өлтіргендігін.<br>Елдің берекесін қашырғанын</td></tr>
<tr><td>4. “Қол-аяғын бұғауда,<br>Тарылды байтақ кең жерім ! Деген өлең жолдары бойынша не айтар едіңдер.</td><td>Озбырлық, жөн-жосықсыз іс-әрекеттеріне қарсы шығады.</td></tr>
<tr><td>5. Жырау ханға неге қарсы шықты?</td><td>Жастайынан ханның қасында беделді биі болған.<br>Талай ұрыс, шайқастарға қатысып, ханның жауынгер жасағын басқарған.<br>Ханға әділ қызмет атқарған.</td></tr>
</table>
<br>ҚБ. «Смайликтер»<br><br>
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Толғаудағы сөз қолданысы мен мағынаны ашады</td><td>Білім алушы:<br>-толғаудағы негізгі мәселені табады;<br>— мағынаны ашады.</td></tr>
</table>
<br>ТЖ.<br>Толғаудағы басты кейіпкерлерге сипаттама беріңіздер, мәтіндегі теңеу сөздерді қолданып постер жасаңыздар.<br>1-топ. Жиембет бейнесін ашады.<br>2-топ. Есім хан бейнесін ашады.<br>(«Аялдама» әдісі арқылы жұмыстарын таныстырады).<br><br>
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Толғаудағы басты кейіпкерлерге сипаттама береді.</td><td>Білім алушы:<br>-толғаудағы кейіпкерлерді атайды;<br>-кейіпкерге тән сипаттаманы береді.</td></tr>
</table>
<br>ҚБ. «Шапалақ отшашуы».</td>
<td><br><br><br><br><br><br><br><br><br>№695. Жиембет жырау<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>«Қазақ әдебиеті үнтаспа, 1-мәтін<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жиембет жырау</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ соңы**<br><br>3 минут<br><br>2 минут<br><br>1 минут | **Ж.**<br>Төмендегі сұраққа 2 сөйлеммен себебін ашатындай етіп, «Жылдам жауап» әдісімен жауап беріңіз.<br>— Жырау ханға өз пікірін жұрт алдында ашық айтуы дұрыс па? Осы жөнінде қандай пікіріңіз бар?<br><br>**Бағалау критерийі** / **Дескриптор**<br>Толғаудағы кейіпкерлерге сипаттама береді / **Білім алушы:** — жауабы 2 сөйлемнен тұрады; — себебін ашып жылдам жауап береді.<br><br>«Кофе араластырғыш таяқша» әдісі арқылы аты аталған оқушы жауап береді.<br>**ҚБ.** «Бағдаршам»<br>**Кері байланыс.** «Білім теңізі» кемесінің желкеніне сабақтан алған білімдеріңізді білдіретін сөздерді жазыңыз.<br>**Үйге тапсырма:**<br>Толғаудың мазмұнын түсініп, эссе жазып келу. (Оқулық 9-тапсырма 49-бет). | |

| Бағалау критерийі | Дескриптор |
|---|---|
| Толғаудағы кейіпкерлерге сипаттама береді | **Білім алушы:**<br>— жауабы 2 сөйлемнен тұрады;<br>— себебін ашып жылдам жауап береді. |

| Қосымша мәлімет | | |
|---|---|---|
| **Саралау** – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | **Бағалау** – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | **Пәнаралық байланыс** – Денсаулық және қауіпсіздік; АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі). |
| Тапсырмалар жекелей, жұппен, топпен ұйымдастырамын. «Ауадағы шар» әдісі арқылы топқа жіктеймін, үй тапсырмасына шолу жасаймын, шардың түсіне қарай жұптық жұмыстар ұйымдастырамын. Жас ерекшелігіне сай материалдар алдым. Тыңдалымға дейін «Қуырылған жүгері» әдісін, тыңдалымнан кейін «Сәйкестендіру» әдісін, «Топтастыру», «Аялдама» әдісін қолдану арқылы тақырыпты ашуда сатылай ілгерілей түсемін. «Жылдам жауап» әдісін қолдануда жоғары деңгейдегі сұрақтар арқылы ойланту, пікірлерін өзіндік көзқараспен беру жағын ойластырдым. Сабақ құрылымына сай тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай алға ілгерілеуді ойлау деңгейлерінің даму кезеңдеріне сәйкестендірдім. | Сабақ барысында қолданылатын әдістер: «Бағдаршам», «шапалақ отшашуы», «Смайликтер» тыңдалым тапсырмаларын орындауда, «Білім теңізі» сабақтан алған білімдерін жинақтауда әр тапсырманың сипатына қарай қолдандым. | 1.Көркем еңбек пәні: батырлар, хандар суреттері;<br>2. Қазақстан тарихы: XY-XYII ғ. Қазақ хандығы;<br>3. Сабақ үстіндегі отырыстары, жұмыс барысындағы қозғалыстары, АКТ-ның қолданылуы өмір қауіпсіздік ережелеріне сай нормада орындалды .<br>4. «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты толғаудың үнтаспасы, «Білімланд» ресурсын қолдандым.<br>5. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық құндылықтары негізге алынады. |
| **Рефлексия**<br>Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.